«Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің 6D030100 – Құқықтану мамандығы докторанты Нартай Ажар Нартайқызының философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін «Қазақстан Республикасының құқық жүйесіндегі геномның заңдық мәртебесін сәйкестендіру мәселелері» тақырыбына дайындалған диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшісі, PhD., қауымдастырылған профессор м.а Ернар Сайлаубекович Шалхаровтың

ПІКІРІ

Ажар Нартайқызының диссертациялық жұмысы қазіргі таңда ең қарқынды дамып келе жатқан геномдық зерттеулерді қамтитын сала болып таблады. Және де сол сала ішінде медицина, фармация, селекция, неоанатология, эмбриология, аграрлық сектор және басқада стратегиялық маңызды секторларды қамтиды.

Тақырыптың өзектілігі қазіргі таңда геномдық зерттеулердің қарқынды дамуына байланысты. Кеше фантастика және футуристика аясында болған нәрсе бүгін қолданыстағы тетік десекте болады. Оның ішінде гендік модификацияланған тағамдар, біологиялық қосындылар, экстрокорпоралды ұрықтандыру, жануарлар селекциясы, климаттық қиындықтарға төзімді аграрлық сектор және тіптін адам модификациялары және адам клондау мәселелері. Жәнеде соған орай халықаралық кеңістікте белгілі бір бағытта конвенциялар, резолюиялар, декларациялар және пакттер қабылданып жатыр. Сол әлемдегі нормативтік құбылыстар негізінде ұлттық деңгейдеде бір қатар жаңалықтар еңгізіліп жатыр. Мысалы ретінде Қазақстан Республикңасының Қылмыстық кодексінің жаңа редакциясында адамды клондау туралы бап, геномдық және дактилоскопиялық регистрация туралы заң, «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 қыркүйектегі № 1012 Қаулысы "Қазақстан Республикасының «Гендік-инженерлік қызметті мемлекеттік реттеу туралы» Заң жобасы туралы» атты арнайы мамандырылған заң, «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 14 қыркүйектегі № 149 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2023 жылғы 18 қыркүйекте № 33421 болып тіркелген «Қазақстан Республикасында медициналық-генетикалық көмек көрсету ұйымының Стандартын бекіту туралы» стандарттары және де басқалар. Көрсетілген нормативтік акттерді ізденуші өзінің диссертациясында толығымен көрсеткен және талдаған. Ұлттық нормативтік деңгейдеде сондай қарқынды өзгерістер болып жатқанынада бір шама себептер бар. Ол себептердің бірі қазіргі таңда гендік инженерият тек үлкен корпорацияларға ғана тән құбылыс емес, кез келген білімі бар тұлға электрондық нарықта кез келген генетикалық құрал жабдықтарды тиімді бағалармен алуға мүмкіндіктері көп. Олардың ішінде центрифугалар, секвинаторлар, пештер және басқада техникалық құралдар. Яғни, кез келген адам. Яғни сол қолданыстағы құралдарды қолданып арнайы білім ала тұра

кез келген адам биохакер ретінде қара нарыққа жаңа модификациялардан вирустарға дейін шығаруға мүмкіндігі бар.

Зерттеу мақсаты Қазақстан Республикасының геномдық құқық мәселелеріне қатысты ғылыми-зерттеу жұмыстар мен конституциялық-құқықтық нормалар және өзгеде заңнамалық актілерге сүйеніп Қазақстан Республикасының құқық саласындағы адам геномының құқықтық мәртебесін сәйкестендіру мүмкіндігін зерделей келе, генетикалық зерттеулерді құқықтық реттеудің теориялық және қолданбалы мәселелерін шешудің жалпы тәсілдерін анықтау. Зерттеу мақсаты зерттеу сұрағына толығымен сәйкес және FINER критерий бойынша ашық және детальды талданған. Мақсатқа жету барысында міндеттемелер сатысы пропорционалдық типте қойылып логикалық құрылымда мақсатқа жетуге ыңғайлы мүмкіндік тудыртады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Ағымдағы зерттеу жұмысы ғылыми-практикалық сипатқа ие және геномды зерттеуді құқықтық қамтамасыз етуге бағытталған. Зерттеудің ғылыми жаңалығы- осығын дейін заңдық әдебиетте адам геномының ғылыми зерттеулерін кешенді құқықтық қамтамасыз ету қажеттілігі туралы мәселе көтерілмеген, жалпы геномға қатысты халықаралық-құқықтық нормаларға кешенді талдау жүргізілмеген, сонымен қатар елімізде генетикалық зерттеулерді құқықтық реттеу қарастырылмаған, биологиялық материалды донордан биобанкаға беру үшін негіздер анықталмаған, сондай-ақ генетикалық ақпарат дербес деректер ретінде қарастырылмаған. Жәнеде ең бастысы Қазақстан Республикасының заңнамасында геномдық қатынастарға қатысты санкция болғанымен диспозиция анықталмаған. Ал нақты осы зерттеулерде логикалық тұрғыда санкция болған жүйеге сәйкес диспозиция модельдері сала саламен ұсынылады.

Методологиялық жағынан қарастырылатын болсақ әдеби деректер формальды структуралық күйде кросс-сілттеме құралдарын қолданыла отырып дедукция, индукция және абстракция әдістерінің қолданылуыменен белгілі бір реттілік сақтап синтез әдістері бойынша тұжырымдамалар жасалған. Жәнеде сол тұжырымдамаларды дәлелдеу мақсатында өзіндік зерттеу барысында диссертант геномдық зерттеулер аясында прецеденттерді тауып, оларды талдап белгілі бір нәтиже шығарылды. Және де заң ғылымы жалпы қоғамда болып жатқан құбылыстарды тіркеуші функция атқаратын болғандықтан 500 респондент арасында сауалнама жүргізіп геномдық құқық заң саласының азаматтық құқықтық бағытына жақын екенін айқындады. Осы методологиялық құралдарды қолдана отырып белгіленген нәтижелер негізінде диссертантпен жаңа авторлық анализаторлар құрастырылды.

Қорғауға келесі тұжырымдар ұсыныс нысанында шығарылады:

1. Геномдық құқықтың табиғаты – кең таралған феномен ретінде тек адам геномына қатысты ғана емес, сонымен қатар селекциялық дақылдардан бастап, трансгенді жануарларды қоса алғанда, бүтіндей ұлттың денсаулығымен ұштасып, гендік-биологиялық қаруға дейінгі мәселелерді қамтитын, құқықтық ғылым негізінде биотехнология, фармакология,

фармация, медицинамен шектесетін жеке сала. Қорғауға ұсынылатын тұжырым диссертациялық жұмыстың бірінші тарауының нәтижесі болып табылады. Тарауда геномдық құқықтық қатынастардың табиғатындағы «Геном» ұғымының көрінісі және құқықтық негізі деп аталған. Яғни осы тарауға қатысты зерттеу сұрағы қазіргі таңда геномдық-құқықтық қатынастардың көрінісі көбінесе қай салаларда дамып құқықтық ғылым ретінде қай салалармен тығыз байланысқанын зерттеу арқылы жеке немесе әмбебап сала екенін айқындау болып табылады. Зерттеу сатысында тұжырымның рөлі қазіргі таңда адамның, қоғамның, мемлекеттің әлеуметтік, саяси, экономикалық және басқада салаларда қаншалықты жиі кездесетінін құбылыс екенін анықтау.

2. Әлемдік кеңістікте және жекелеген елдерде байқалатын прогрессияға қарамастан, Қазақстан Республикасы аумағында геномдық құқықтық қатынастар нормативтік тұрғыда ретсіз нысанда рандомдық хоатика тәрізінде дамып келе жатыр. Қорғауға ұсынылатын тұжырым диссертациялық жұмыстың екінші тарауының нәтижесі болып табылады. Тарауда геномдық құқықтық қатынастарды айқындайтын нормативтік негіздер деп аталған. Яғни осы тарауға қатысты зерттеу сұрағы геномдық құқықтық қатынастарды айқындайтын нормативтік негіздерді салыстырмалы әдістер арқылы Қазақстан Республикасында геномдық құқықтық қатынастардың нақты белгіленген моделі кешенді крастырылады. Зерттеу сатысында тұжырымның рөлі геномдық қатынастардың нормативтік кеңістікте қалай белгіленгенін анықтау және құқықтық мемлекетке тән реттеуші құқықтық механизмдер жеткіліктігін анықтау.

3. Практикалық кеңістікте кездесетін прецеденттерге сүйене отырып, арнайы мамандырылған сауалнаманы талдап геномдық құқық көбінесе азаматтық құқық саласына тән құқықтық ғылыми бағыт десекте болады және сол қатынастарды реттеу мақсатында тек құқықтық әдістермен ғана шектелмей биоэтика және евгеника параметрлеріне негізделетін теттіктер болуы жөн. Қорғауға ұсынылатын тұжырым диссертациялық жұмыстың үшінші тарауының нәтижесі болып табылады. Тарауда Қазақстан Республикасында геномдық құқықтық қатынастарды реттеудің практикалық көрінісі деп аталған. Яғни осы тарауға қатысты зерттеу сұрағы практикалық кеңістікте кездесетін прецеденттерге сүйене отырып, арнайы мамандырылған сауалнаманы талдап және геномдық құқықтық қатынастар көбінесе қай заң саласына сәйкес құбылыс болып табылатынын, яғни, азаматтық, қылмыстық немесе әкімшілік екенінін көрсете отырып авторлық теттіктерді ұсыну. Рөлі – нақты практикалық тетіктер ұсыну.

Зерттеу жұмыстарын жүргізгенде, ізденуші алдына қойған мақсаты мен міндеттерін ойдағыдай орындау үшін Қазақстан Республикасында геномның құқықтық статусын сәйкестендіру мәселелері толығымен қарастырып нормативтік тұрғыда деңгей деңгеймен бөліп, қажетті әдебиетті отандық деңгейде, жақын шет ел деңгейде және алыс шет ел деңгейде бөліп қарастырып, өзіндік зерттеулерде нақты валидтықты жоғарлататын

статистикалық зерттеулермен дәлелдеп толық орындады деген шешімге келуге болады.

Соған орай, Нартай Ажар Нартайқызының «Қазақстан Республикасында геномның құқықтық статусын сәйкестендіру мәселелері» тақырыбындағы ғылыми жұмысы Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министірлігінің бақылау комитетінің докторлық диссертациясына қойылатын талаптарына сай орындалған, ал автор 6B030100 – Құқықтану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Заң ғылымдары саласындағы философия докторы (PhD) қауымдастырылған профессор м.а. **Ернар Сайлаубекұлы Шалхаров**

РАСТАЙМЫН
Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Адам ресурстарын басқару бөлімінің бастығы
Адам ресурстарын басқару бөлімі